

Құрметті оқырмандар!

ОҒӨЖ қоры «Әлем әдебиеті кітапханасы» сериясы бойынша шығарылған жаңа кітаптармен толықтырылды.

Назарларыңызға келесі басылымдарды оқуға ұсынамыз:

84(5Изр)

А 20

Агнон, Ш.

Хикаяттар [Мәтін] / Ш. Агнон. Әңгімелер / Ш. Алейхем ; орыс тілінен ауд. Т. Қамзин. - Астана : Аударма, 2011. - 427 б. - (Әлем әдебиеті кітапханасы). - ISBN 9965-18-346-5 (мұқ.). "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылды.

Әдебиет әлемінде әрбір халықтың маңдайына басқан аяулы тұлғалары бар. Сол халықтың тарихын, рухани әлемін, мәдениетін және тұрмыс-тіршілігін танып-түсіну үшін сол аяулы тұлғалардың шығармашылығымен таныс болуымыз қажет. Бұл жинаққа діни-мистикалық әрі романтикалық бағыттағы жазушы Агнон Шмуэль мен сыншыл-реалистік әрі юморизм стиліндегі жазушы Шолом Алейхемнің әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр.

Кітап көркем әдебиетті сүйіп оқитын оқырмандарға арналады.

84(4)

Б 27

Батыс Еуропа классикалық драматургиясы [Мәтін] : [жинақ] / құраст. З. Сақиұлы. - Астана : Аударма, 2011. - 649 б. - (Әлем әдебиеті кітапханасы). - ISBN 9965-18-324-4 (мұқ.). "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылды.

Жинаққа Жан Батист Мольердің «Еріксіз емші», Карло Гольдонидің «Айлакер жесір», Генрик Ибсеннің «Аруақтар», Бернард Шоудың «Цезарь мен Клеопатра», Бертольт Брехтің «Кавказдың бор шеңбері», «Галилейдің өмірі», Федерико Гарсио Лорканың «Керемет келіншек», Эдуардо де Филиппоның «Түбекті қалпақ» драмалық шығармалары еніп отыр. Әрқайсысы өз елінде заман тағдырын, адам тағдырын, қоғамдағы әлеуметтік құбылыстардың мән-мағынасын, адам мінезінің сан алуан қыры мен сырын тереңнен толғап, өлмес жасаған өз дәуірінің тұрпатты кесек тұлғалары.

Кітап жалпы оқырмандарға арналады.

84(4Ита)

Б 72

Боккаччо, Д.

Декамерон [Мәтін] : [роман] / Д. Боккаччо ; ауд. К. Ахметов. - Астана : Аударма, 2011. - 645 б. - (Әлем әдебиеті кітапханасы). - ISBN 9965-18-323-6 (мұқ.). "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылды.

Италия әдебиетіндегі көркем прозаға бастау болған бұл кітабында Боккаччо өзінің алғашқы туындыларында нышан бере бастаған ренессанстық реализмін жарқырата көрсетеді. Ал жанырлық тұрғыдан келсек «Декамерон» авторы италия әдебиетінде өзіне дейін де болған прозалық новелланы кемелдік биігіне көтерді.

Еркін ойлы адамзаттың жарасымды өмір сүруін аңсаған Джованни Боккаччоның тарихи орны бірінші кезекте, ол «Декамерон» жинағы арқылы айқындалады.

Көркем әдебиетті сүйіп оқитын оқырмандарға арналады

84(4Вел)

Д 36

Дефо, Д.

Робинзон Крузо [Мәтін] / Д. Дефо. Гулливердің саяхаттары : [роман] / Д. Свифт ; ауд.: Қ. Өтегүл, А. Құрмансейітов. - Астана : Аударма, 2011. - 517 б. - (Әлем әдебиеті кітапханасы). - ISBN 9965-18-337-6 (мұқ.).

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылды.

Жинаққа Даниэль Дефонның «Робинзон Крузо», Джонатан Свифтің «Гулливердің саяхаттары» атты шығармалары енді. Дефо Робинзон бейнесі арқылы буржуазиялық идеалдарды әспеттеп, оларды барша адам баласына ортақ идеалдар деңгейіне көтере алға тартса, Свифт бұл идеалдарды әжуалай бейнелейді. Дефонның Робинзоны табиғат құдіретіне бас ие салмай, жан байлығы мен өркениет жетістіктерін сақтап қала алса, Свифт романындағы ағылшын буржуазиясының ерлі-зайыпты өкілі жарық дүниеге жиіркенішті ұрпақ әкелуі ғана қабілетті болып шығады. Дефо қаһарманы тосын құбылыстармен арпалысып, өз ақылы мен еңбекқорылығының арқасында оларды ырқына көндірсе, мұндай жағдайлардың бәрінде Гулливер өз еркінен тыс күштер мен жағдайлардың жетегінде кетіп, қолайсыздықтарға кезігумен болады. Осындай сипаттарына қарамастан, «Гулливер» мен «Робинзон Крузо» арасында сабақтастық бар екені шүбәсіз.

Өз дәуірінде де, кейінгі бірнеше ғасырлар бойына да адамзат ойына қозғау салып келе жатқан Д.Дефо мен Д. Свифт романдарының қай кезде де оқырман қолынан табылары даусыз.

84(4Фра)

Ф 80

Француз хикаяттары [Мәтін] : жинақ / ауд.: А. Нысаналин, Қ. Қараманұлы. - Астана : Аударма, 2011. - 596 б. - (Әлем әдебиеті кітапханасы). - ISBN 9965-18-336-8 (мұқ.)

"Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылды.

Француз әдебиетінің арналы саласы – көркем проза болса, бұл жанырда қалам тартқан қаламгерлер Андре Ремкальдің «Шалқып дәурен сүрер шақ», Ноэль Калефтің «Өкініш», Буало-Нарсежактың «Инженер махаббаты», Антуан де Сент-Экзюперидің «Атажұрт» шығармалары жинаққа топтастырылған.

Француз прозашыларының қаламынан туған хикаяттар адам болмысын, оның өмір сүру қалыптарын гуманистік, оптимистік, адамгершілік тұрғыда салмақтап көрсете білген көркемді-эстетикалық мәні терең шығармалар.

Бұл кітап жалпы оқырмандарға арналады.